*Ф-ОБ-001/065*

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**Жаратылыстану факультеті**

**Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің**

# №4 ХАТТАМАСЫ

**Түркістан қаласы** **29.12.2022 ж.**

**Қатысқандар: комиссия төрағасы:**

Курбанбеков Ш. – PhD., доцент м.а;

**Комиссия мүшелері:**

1. К.Ж.Назарова – ф.-м.ғ.к., доцент м.а.;
2. М.А.Муратбекова – PhD, аға оқытушы;
3. М.А.Султанов – ф.-м.ғ.к., профессор м.а.;
4. Ш.Ж.Раманкулов – PhD, аға оқытушы;
5. Г.Ж.Тұрметова – техн.ғ.к., доцент м.а.;
6. Б.Б.Тойжигитова – PhD, аға оқытушы;
7. М.О.Алтынбекова – х.ғ.к., доцент;
8. Ә.Т.Мейірбеков – техн.ғ.к., профессор м.а.;
9. Б.С.Абжалов – х.ғ.к., доцент;
10. Ш.М.Беласарова – аға оқытушы;
11. Е.Н.Еділбаев –докторант;
12. Д.Ж. Тұтқабай– магистрант;
13. Л.Бейсебай – студент;
14. Ж.А.Тлеубергенова – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**Шақырылғандар:**

1. С.Мұхитдинова – Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталығының басшысы

**Хатшы:** Абишова Гулжан – аға оқытушы

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Университет инфрақұрылымдары (аудиториялары, мультимедиялық аудиториялары, зертханалары, компьютерлік сыныптары), және университеттің кітапханалары, спорт залдары, жатақханалары, асханалары, оқу-өндірістік кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретінін анықтау.
2. ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау.
3. ББ еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтінгісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау.

**Тыңдалды: 1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы** Курбанбеков Ш. сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 719 бұйрықтың 91-пунктіне сәйкес кафедралардың материалдық әлеуетін қарастыруға ұсынды. Биылғы оқу жылы 6В05146-Биотехнология, 6В05162-Химия және биология білім беру бағдарламалары аккредитациядан өтеді. Осы БББ қарасты кафедралар НКАОКО-ның 6 стандартында («Оқу ресурстары») осы

сұрақты қамтуы тиіс. Биология кафедрасында ашылған 96 атаудан тұратын Өсімдіктер биотехнологиясы заманауи зертханасы университеттің ғылыми әлеуеттіне үлес қосуда.

**Экология және химия кафедрасы**

**Оқу-ғылыми лабораториялар туралы мәліметтер.**

Кафедрада 5 оқу лабораториясы - №110, №105, №107, №112, №114, 1 ғылыми-зерттеу лабораториясы - №122А, интерактивті тақтамен жабдықталған 2 дәріс аудиториясы - №122, №211 және кафедра құрамындағы география мамандығының студенттеріне дәріс беруге арнайы жабдықталған 3 аудитория - №220, №222, №228, 1 практикалық сабақтар өтуге арналған №302 аудиториясы бар.

Оқу процесіне қажетті құрал-жабдықтар мен сабақтарға қажетті реактивтер, химиялық ыдыстар мен приборлар қажеттілігі біршама қамтамасыз етілген. Кафедрада әрбір пәннің лабораториялық сабақтарына қажетті аналитикалық, электронды-техникалық таразылар мен термостаттар, магниттік араластырғыштар, фотокалориметрлер және басқа да приборлар жұмыс істеп тұр. Әр зертханада зертхана паспорты бар, агрессивті химиялық заттармен жұмыс кезінде пайдаланатын жеке қорғаныш құралдарымен (маска, қышқыл мен сілтіге төзімді қолғаптар, бейтараптаушы ерітінділер, медициналық аптечкалар), өрт сөндіру құралдарымен, улы газдармен, ұшқыш зиянды химиялық заттармен жұмыс істеуге арналған арнайы тартпа шкафтармен жабдықталған.

Лабораторияларда келесі тізімде көрсетілген құрал-жабдықтар бар: Вольтамперометрлік комплекс СТА, роторлы вакуум-буландырғышы IKA, иономер – 160 МИ, фотокалориметрлер КФК-3, электрохимиялық газоанализаторлар «МГЛ-19.Х А» (СО, $NO_2$, $SO_2$), рефрактометр ИРФ-454 Б2М, микроскоп бинокулярлы, САРР дозаторлары, кептіргіш шкафтар, центрифугалар, барометр БАММ, ареометрлер жинағы (жинақ), аквадистиллятор ДЭ-4М, муфель пеші, техникалық электронды таразылар және ВА-4М, аналитикалық электронды АХ-200 таразылары, электродтар - ЭПВ-1СД платина электроды, ионоселективті ЭЛИС-131 Cl, ЭЛИС-131 Pb, NO3- - селективті «Вольта» электродтары.

Дегенмен, лабораториялық сабақтар жүргізуге қажетті құрал-жабдықтар мен кейбір химиялық реактивтер, ыдыстар тапшылығы және лабораторияларға қойылатын арнайы лабораториялық жиһаздар мен столдар қажеттілігі бар.

**Биология кафедрасы**

Биология кафедрасына қарасты №3 ғимаратта зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау үшін 426,51 $м^2$ аумақты алып жатқан 9 жабдықталған кабинеттен тұрады. Білім беру бағдарламасына сәйкес кафедра 4 дәріс залымен, 3 мамандандырылған және 8 зертханалық кабинеттермен қамтамасыз етілген. Кафедра 2 лазерлі, монохромды принтер алынып, материалдық техникалық базасы толықтырылды.

Зертханалардың жұмыс істеуі үшін қажетті жабдықтарға талдау жүргізілді және олардың тізбесі одан әрі шешім қабылдау үшін басшылыққа ұсынылды.

Кафедраға арналған оқу процесіне қажетті зертханаларды сатып алуға өтінім беру бойынша үлкен ауқымды жұмыс атқарылды, олардың қажеттілігі анықталды, университет бюджеті шегінде баға ұсыныстары мен құны анықталды.

**Физика кафедрасы**

Физика кафедрасының материалдық – техникалық және әлеуметтік көрсеткіштері Білім және ғылым министрлігінің талаптарына сай. Олар шаруашылықты жүргізу және жедел басқару құқығы мен пайдалы оқу алаңының білім беру ұйымдарының санитарлық нормаларына, өрт қауіпсіздігі талаптарына және оқу – білім беру жоғарғы оқу орындарының стандарттарына сай келеді.

Кафедрада жалпы оқу лабораториялар саны - 6. Лабораториялық бөлмелер саны - 6. Виртуалдық лабораториялар саны - 19, лабораториялық стендтерде орындалатын жұмыстар саны - 18, дәстүрлі лабораториялық практикум саны - 84. Оқу жылының басынан бастап -19 лабораториялық практикум дайындалды. Оның ішінде механика - 5, молекулалық

физика - 1, электр және магнетизміне - 4, оптикадан - 5, атомдық физикадан - 4 лабораториялық жұмыс.

**Математика кафедрасы**

Оқу-ғылыми лабораториялар туралы мәліметтер.

Кафедрада №209 Математика кафедрасының меңгерушісі кабинеті, №218-Математика кафедрасы, №224-"Математикада ақпараттық технологиялар қолдану" пәнінің оқу бөлмесі, №226- Математика кабинеті, №309-Магистранттар және докторанттардың кабинеті, №310- «Математиканы оқыту әдістемесі" пәнінің оқу бөлмесі бар.

**ШЕШІМ: 1.** Факультет құрамындағы аудиториялар мен зертханаларды техникалық жабдықтау қанағаттанарлық деп таңылсын.

**Тыңдалды: Алтынбекова М.:**. күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғады: ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау. Кафедралар бойынша жоспарланған тәжірибе түрлері, мерзімдері анықталған. Білімгерлердің уақытылы әрі сапалы түрде практикадан өтуі үнемі қадағаланып отырылуы тиіс. Студенттер практика кезінде күнделік, бақылау-тіркеу кітапшалары қамтамасыз етілді. Практикаға байланысты бағдарлама факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралып, университеттің оқу-әдістемелік бөлімінде бекітілді. Практика бағдарламасында негізгі практикантқа қажетті практиканың міндеттері, практиканың мақсаты, практиканың мазмұны қарастырылды. Практика аптасында әрбір мамандыққа бөлінген апта санына байланысты қандай жұмыстар атқарылу тиіс екендігі көрсетілген. Білім алушыларды практика кезінде күнделік, бақылау-тіркеу кітапшалары қамтамасыз етілді. Практикаға байланысты бағдарлама факультеттің академиялық кеңесінде қаралып, университеттің академиялық кеңесте бекітілді. Практика бағдарламасында негізгі практикантқа қажетті практиканың міндеттері, практиканың мақсаты, практиканың мазмұны қарастырылған. Практика аптасында әрбір білім беру бағдарламаларына сәйкес бөлінген апта санына байланысты қандай жұмыстар атқарылу тиіс екендігі көрсетілген.

**Шешім**: ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп таңылсын.

**Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы** Курбанбеков Ш. сөз алып күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мәлімдеді.

**Мамандықтар бойынша рейтинг жұмыстары мен нәтижелері**

Ахмет Ясауи университеті мен ҚР ЖОО білім беру бағдарламаларының рейтингі «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

| **р/с** | **Білім беру бағдарламалары** | **Рейтингтегі орны және ЖОО-лар саны** | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **2019 жыл** | **2020 жыл** | **2021 жыл** | **2022 жыл** |
| **Жаратылыстану бағыты** | | | | | |
| 1. | Биология | 13/20 | 13/18 | **17/25** | 13/17 |
| 2. | Математика | | 10/11 | | **6/9** |
| 3. | Физика | 7/9 | 5/8 | **5/6** | **9/9** |
| 4. | Экология | 27/37 | 8/35 | | |
| **Білім беру бағыты** | | | | | |
| 5. | Биология | 28/29 | 7/28 | 7/18 | 12/24 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6. | Математика | 22/28 | 15/24 | 13/26 | 12/29 |
| 7. | Физика | 17/19 | | | 16/19 |
| 8. | Химия | 15/24 | 7/19 | 9/18 | 9/21 |
| 9. | География | -/23 | | 10/17 | |

**Шешім**: ББ 2022 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтінгісіне қатысу нәтижелерін талдау бойынша ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижелері қанағаттанарлық деп таңылсын.

**Мәжіліс төрағасы:** **Ш.Курбанбеков**

**Мәжіліс хатшысы:** **Г.Абишова**